



International Science Group

ISG-KONF.COM

VIII

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC
AND PRACTICAL CONFERENCE
"SCIENCE AND PRACTICE, ACTUAL PROBLEMS,
INNOVATIONS"**

**Amsterdam, Netherlands
November 09-12, 2021**

ISBN 978-1-68564-517-5

DOI 10.46299/ISG.2021.II.VIII

99.	Удовіченко Л.Г. КІБЕРПОЛІЦІЯ: НОВИЙ ВИТОК ПРАВООХОРОННОЇ ТЕРМІНОЛОГІЇ	431
PHILOSOPHICAL SCIENCES		
100.	Пациашвили С. ЧЕЛОВЕК – ЭТО ЦЕЛЬ ИЛИ СРЕДСТВО? ЦЕННОСТЬ ЧЕЛОВЕКА В ФИЛОСОФИИ НИЦШЕ.	433
101.	Сманова Н.Ә. ИМАМ АБУ ЮСИР ӘЛ-БАЗДАУИДІН МАТУРИДИ МЕКТЕБІНЕ СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ	436
POLITICAL SCIENCE		
102.	Мироненко В.В. КИТАЙСЬКА РАКЕТНО-ЯДЕРНА ДОКТРИНА У СУЧАСНИХ УМОВАХ МІЖНАРОДНОЇ ПОЛІТИКИ	439
103.	Набиев В.Г. ПОНЯТИЕ НАЦИЯ И ДРУГИХ КАТЕГОРИИ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП	442
PSYCHOLOGICAL SCIENCES		
104.	Lavrinenko V. LIFE MEANINGS FORMATION AS A FACTOR OF DRUG ADDICTS BEHAVIOR CORRECTION	448
105.	Rodina J., Rodina Y. VALUES ARE COGNITIVE REPRESENTATIONS OF UNIVERSAL NEEDS	453
106.	Бондаревич С.М., Котляр Л.І., Шмалій А.В. РАМКИ ІСТОРІЇ ПОНЯТТЯ ДОСВІДУ: ВЗАЄМОДОПОВНЮВАНІСТЬ КОНЦЕПЦІЙ ДОСВІДУ І. КАНТА І Г.В.Ф. ГЕГЕЛЯ	455
107.	Пономарьова В.Л., Захарченко В.В. ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГІЧНІ ТЕХНОЛОГІЇ КОРЕКЦІЇ ДИТЯЧО-БАТЬКІВСЬКИХ ВІДНОСИН	460

ИМАМ АБУ ЮСИР ӘЛ-БАЗДАУИДІҢ МАТУРИДИ МЕКТЕБІНЕ СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ

Сманова Нуржамал Әбдішукүрқызы

Сарыағаш медресе колледжінің ұстазы

Имам Әбу Юсир әл-Баздауи матуриди мектебінің жалғастырушысы ретінде ғана емес, әрі бұл ақида сенімінің белді өкілдерінің бірі болып тарих шесіресінде ойып тұрып орын алған ғалымдардың есебінде мәңгілік есте қалды. Оның еңбектерін алып қарайтын болсақ, Абу Ханифаның жолымен, Имам Матуридидің салып кеткен сара жолы арқылы жазылғанын көреміз. Әрине мұнымен шектеліп қалмай осы мәзһабтарды одан ары қарай дамытып, жаңа бір жүйелерді қалыптастырғанын Имам Әбу Юсир әл-Баздауидің еңбектері дәлел бола алады. Имам Әбу Юсир әл-Баздауидің әкесі мен атасы да Имам Матуридидің жалғастырушылары болды. Бұл ғалымдар қазіргі күнімізге дейін көптеген жағдайда Имам Ашғари салып кеткен мектептің өкілдерінен танымалдылығы жағынан кенжелеп қалуда. Бұған себеп, алдыңғы бөлімдерімізде Имам Матуриди не үшін танымал еместігін баяндап өткен себептер деп болжай ала аламыз. Имам Әбу Юсир әл-Баздауидің (Алла ол кісіні рахымы мен мейіріміне алғай) матуриди еңбегіне сіңірген еңбегі жайлы бөлім бізге де, келешек ұрпаққа да өз септігін тигізер деген үмітпен бөлімді бастауды жөн көріп отырмыз.

Насаф жерінің өкілдері болып саналатын ғалымдар Самарқанд қаласында діттеген мақсаттарына жету жолында аянбай тер төгіп жатқан кезде, қоғамдық-саяси қақтығыстардың салдарынан ол мекеннен кетуге мәжбүр болған еді. Солардың ішінде Абу Юсир Мухаммад ибн Мухаммад ал-Баздауиде бар еді. Сонымен қатар оның серігі Абу Муин ан-Насафи де кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп Имам ал-Баздауи отбасымен бірге Бұхараға қонысаударады. Имам Матуридидің жолын жалғастырған ғалымдар атап айтқанда, Садру ал-Ислам Абу Юсир ал-Баздауи және Абу Муин ан-Насафи шафиғи-ашғари ғалымдарына қарсы тұру барысында үлкен рөлге ие болды. Имам Баздауидің кәләм ілімі туралы шығармалары ашғарилерге қарсы үлкен соққы болып саналды. Берілген деректерден шығатын қорытынды Имам Баздауи және оның жақтастары Имам Матуридидің ұстанған жолын жоғалтпау мақсатында аянбай тер төккенін көре аламыз. Олардың кейбір жерде ашғари мазһабымен келіспеген жерлерде оларға тұшымды жауаптармен қайран қалдырғанына осы бір мәлімет дәлел бола алады.

Имам Әбу Юсир ал-Баздауидің (Алла ол кісіні рахымы мен мейіріміне алсын) Матуриди ақыдасына басты бір сіңірген еңбегі ретінде көрінген бір амалы ол – Абу Мансур ал-Матуридидің білімін ретке келтіргендігі және Имам Матуридидің маңызды еңбектерін «Китабу ат-Таухид» және «Китабу ат-Тауилаат» саралап жүйеге келтіргендігі және барлық Ханафи мектетеріндегі иләһият бөлімдері Имам Матуриди іліміне өзгерістер енгізіп, одан ары қарай дамуына себепкер болды. Әрине бұл жетістіктердің өзі қазіргі күнге дейін Имам Матуриди ілімінің жойылып кетпей, жалғасып келе жатқандығына басты

себептерден деп есептеуге әбден болады. Имам ал-Паздауи Матуридитанушысы ретінде тарихта қалса да, әлі күнге дейін бұл имам жайлы толық зерттелген еңбектер сирек кездеседі.

Һижри 481 жылы тамыз-қыркүйек айларында (миләди 1088 жылы) Мәлік-Шах селжұқ әскерлері Ахмад ибн ал-Хидри басқарып отырған Самарқандты қоршауға алған кезде, Әбу Юсир ал-Баздауи әлі де қаланың ішінде болатын. Сол кезеңде жазған басты еңбектеріне Имам Әбу Юсир ал-Баздауидің (Алла ол кісіні рахымы мен мейіріміне алсын) мына екі еңбекке баса назар аударылады: «Мағрифату ал-хужаж аш-шарғий» және «Китабу усул ад-Дин». Усул ад-Дин және Усул ал-Фикһтан маңызды шығармаларының болуы бұл сирек кездесетін жағдайлардан болып саналады. Бұл құбылысты Фахру ал-Ислам ал-Баздауи, Махмуд ибн Зәйд ал-Ламишиден (139/1144 жылы қайтыс болған) және Хафиз ад-дин Абу Баракат ан-Насафиден де көруге болады. Матуриди өкіледерінің қайсібірін алып қарасақ та, екі ғылым саласын бірдей деңгейде зерттеп қарастырған. Имам Абу Юсир ал-Баздауиде бұл ғалымдардың қатарынан екендігіне осы бір дерекке көз жүгірту арқылы ойымызды топшылаймыз. Имам ал-Баздауи ақида іліміне ғана өзіндік көзқарастар айтып ғана қоймай, фикһ саласында да өзідік көзқарастармен ерекшеленген.

Имам Әбу Юсир ал-Баздауидің (Алла ол кісіні рахымы мен мейіріміне алсын) айтуы бойынша фикһ ілімі мына нәрселерді зерттейді: заңды шарият қағидаларын (әл-ахкам аш-шарғий), сондай бұл қағидалар Құранмен, Сүннет және Ижмағпен (сахабалардың бір ауыздан құптаған шешімдері) бекіген заңды шарият қағидаларын зерттеумен айналысады деп қорытынды шығарады. Имам Баздауи ал-Жассастың ізінше қияс жайлы сөз қозғап, қияс ол Құранға еш қосымша емес, сүннет және ижмағқа да енгізілмейді дегеннің көре аламыз. Имам Әбу Юсир ал-Баздауидің (Алла ол кісіні рахымы мен мейіріміне алсын) бұл тұжырымынан біз мынадай түйін шығара аламыз: Абу Ханифа мәзһабы бойынша қияс дәлелге алынбайды, басқа мәзһабтарда алынса да, дейтұрғанмен біздің мәзһаб өкілдері көбіне Құран, сүннет, ижмағқа жүгінген. Имам Баздауиденде бұл көріністі көре отырып, Имам Абу Ханифа салып кеткен фикһ мектебіне де, Имам Матуриди Имам Абу Ханифа ақида мектебінің жалғастырушысы салып кеткен сара жолына аянбай еңбек еткендігін, бұл мәзһабтардың ары қарай жандануына үлкен үлесін қосқан бірден бір ғалым екендігін көре аламыз.

Имам Әбу Юсир ал-Баздауидің «Усул ад-дин» еңбегіндегі бөлімдердің бірі ол адасушы топтарға байланысты қарастырған. Имам Баздауи негізгі 72 топ өкілдерін және олардың жолдары жайлы баяндағанын көреміз. Имам Паздауи өзінің ізашары ретінде жиі Абу Мутиғ ан-Насафи еске алады. Бұл ғалым екеуінің арасын байланыстыратын көптеген жағдайлар бар, алайда Имам Баздауи оның уақытында өзіне қарсы болған, талас-тартыста болған муржид адасушы ағым Абу Мутиғ ан-Насафидің өмір сүрген дәуірінде аз болғанын және сол дәуірде каррамия тобының шыққандығын алға тартады. Бұл каррамия тобы – мужассималар (мазһаб аһ ал-бидғ) тобынан еді. Қалған еңбектерін Имам Әбу Юсир ал-Баздауи «ал-Жамиғ ас-Сағир» еңбегінде баяндаған деген мәліметтер кездеседі. Бірақ бұл еңбегі біздің күнімізге жетпеген. Әрине Имам Баздауиде

Қорыта айтқанда, басқа да қылмыс түрлерін болдырмаумен қатар алдын алу. Күнімізде ланкестік ұйымдар Қазақстанмен қоса Орта Азияны да мүлт қалдырмады десекте болады. Түрлі экстремизмге қарсы негізделген әрекеттер қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақ Энциклопедиясы»
2. Қалмахан Ержан, Мұратхан Махмет. «Салыстырмалы діндер және ағымдар». – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2017.
3. Сағынкүл Қонар. «Діндер тарихы» – Алматы: 2011.
4. Аникин Д.П. История религий. – М., 2007. 5. Айтбаев О. Дінтану. – Карағанды, 2009.